

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.271-275

## ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ДІНГЕГІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Равшанова Д.  
Абишева Ж.Р.

Бүгінде ұлтымыздың рухани-құндылық әлемі жаңарып, ұлттық санасы жаңғырып жатқан кезеңде салт-дәстүрімізді өзімізге де, өзгеге де таныту мақсатын ұстанудамыз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің мәні терең «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Салт-дәстүр, тіл, музыка, әдебиет, жоралғылар, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалу керек», - деп жазған болатын [1]. Егер батыстың ұраны «Сыртқы дүниені таны, соның негізінде оны өзгерту болса», Шығыстың ұраны «Өзіңді өзің таны, соның негізінде өзіңді өзгерт» деген екен [2,105 б.].

Көңілімізді көтеріп, тынысымызды кеңейтетін Ұлыстың ұлы күнінде ұлтымыздың мерейі тасып, санасы жаңғыра түсері сөзсіз. Татулықтың, ізгіліктің мерекесі ретінде тойланған Шығыс халқының ұлы мерекесі - Наурыз тойының тарихы 5000 жылдан асады. Ежелгі дәуірлерден сақталған таңбалы тастардағы суреттерден бастап күні бүгінге дейін үзілмей келе жатқан ортақ мерекені Махмут Қашқари, Әбу Насыр әл-Фараби, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев мұраларында зерттеліп, ой қозғалуы бүкіл адамзатқа ортақ руханият көрінісінің дәлелі деп қабылдағанымыз жөн. Елімізде Наурыз мерекесінің тойланғанына биылғы жылы 33 жыл толып отыр. Табиғат пен адамның үндестігін көрсететін «жаңа күнді» бірқатар шығыс елдері, Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан елдері ерте кезден өткізіп келеді. Тіпті бұл мейрамды ежелгі гректер “патрих”, бирмалықтар “су мейрамы”, тәжіктер “гүл гардон”, “бәйшешек”, “гүлнаурыз”, хорезмдіктер “наусарджи”, татарлар “нардуган”, буряттар “сагаан сара”, соғдылықтар “наусарыз”, армяндар “навасарди”, чуваштар “норис ояхе” деп түрліше атаған [3]. XVIII ғасырға дейін жыл басын Европа, Ресей елдері көктемнің басталу шағында атап өткендері тарихтан белгілі.

Қазіргі таңда Наурыз ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын – Достық мерекесіне айналып отыр. Біз Қазақ елінің рухани жаңғыруы ұлттың бірлігі мен тұтастығынан бастау алады деп ұғынамыз. Сондықтан «жер мен көктің жаңаруы», «тіршіліктің бастауы», «күн мен

түннің теңелген уақыты» деп Наурыз мейрамын ұлттық мереке ретінде өткізіп келеміз.

Жан-жануар түлеп, табиғат жаңарып, Жер-ана бусанып жатқан уақытта барша адамзаттың бойына қан жүгіреді. Әдетте бұл күні еліміздің басты көшелері мен алаңдарында киіз үйлер тігіліп, мерекелік концерттер өтеді. Ұлттық спорт ойындары ойналады. Мейрамның басты тағамы – Наурыз көже пісіріліп, қазақтың пейіліндей кең дастарқан жайылады. Тәлім-тәрбиелік мәні зор, сән-салтанаты айрықша Ұлыстың ұлы күнінде жақсы тілек тілеу, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып жатады. Кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге қалдыратын салт-дәстүріміз бүгінгі күнде де халқымызды саналылыққа, мейірімділікке, игі қадамдарға баурайды. Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағын қарсы алудан, тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Көне деректер көзіне сүйенсек, Наурыз тоғыз күн тойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Ұлыс – жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдар соққан. Мұның бәрі – күн мен түн теңесетін шақта кәдеге асатын «ұйқыашар», «селт еткізер» жоралғыларының сый-тартулары. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. «Бұлақ көрсең, көзін аш!», «Бір тал ексең, он тал ек!», Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» – деп бата береді. Осы кезде оның дәстүрлі әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы, өткен тарихы, бүгінгі мен болашағы жас буын ұрпаққа үгіттеліп отырған [4].

Ата - бабаларымыз өздері өмір сүрген ортасын, табиғат дүниесін ертеден қорғап келген. Балаларына көк шөпті жұлғызбайды, ағаш, бұтақтарды сындырғызбайды, құстардың жұмыртқасын шағып, балапандарын өлтірткізбейді. Мәселен, көкті жұлғанды «көктей орыл», «көктемей қал» десе, құстардың балапанын өлтіріп, жұмыртқасын шағуға қатаң тыйым салған. Ал, суды лайласа, су иесі Сүлейменнің киесі атады,- деп әртүрлі

жаман іс пен әрекеттен батыл тежеп отырған. Осы Ұлыс күні балаларына «ұят болады», «обал болады», «жаман болады», «күнә болады» деген төрт сөзді қазақ аналары үнемі айтып отырған. Осы төрт сөзді үнемі естіп өскен бала, есейгенде анасының сөзінен асып, еш уақытта жаман нәрсеге барған емес. Қазақ халқы Наурыз күнін «Ақ түйе қарыны жарылған күн» деп ерекше қастерлейді. Осы күні ел ішіндегі дуалы ауызды батагөй, әулие ақсақалдарды арнайы дәмге шақырады. Не арнайы іздеп барып ақ батасын алады. Қазақтың «Баталы ұл арымас, батасыз құл жарымас» деген мақалы осы шындықты растайды. Өйткені қазақта наурыз күнгі тілек қабыл болады деген наным бар. Жақсы адамнан бата алсаң, жолың жақсылыққа оңғарылады деп ырым етеді. Сүйтіп, жақсы сөздің уыз батаның, ақ тілектің күшіне кәміл сенеді. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «жақсылыққа жақсылық жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі», «тас атқанға ас ат». Мұсылманның ерекшелігі «ашуы – торғын шыттың дымы кепкенше тарқайды», «Жақсының ашуы жібек орамал кепкенше, жаманның ашуы басы жерге жеткенше» – деп өкпе-наздарын кешіріседі. Ынтымаққа келеді, бірлікке жүгінеді. Сөйтіп, бірінің үйінен бірі дәм татады, қол алысады, төс қағыстырады, дос болады.

Қазақ елінің әрбір азаматы өз еліне елеулі үлес қосса, игі істер жасаса іргелі елге айналарымыз сөзсіз. Қазіргі рухани өмірдің тәжірибесі өткеннің, бүгінгі күннің және болашақтың ұлы жетістіктерінің негізінде қалыптасады. Қайта рухани түлеуді адамзаттың қазіргі рухани жаңаруымен, оның жетістіктерімен байланыстыру ауадай қажет. Өзіміздің рухани дүниелерімізді жаңғыртып, жаңа дем беріп ұлықтау арқылы өзімізді өзіміз терең түсінуге бет аламыз. Сол арқылы әлемді және түбіміз бір түркі дүниесін тереңірек гуманистік тұрғыдан тануға ықпал ететін қасиетті мерекені ұлықтаймыз [2,114 б.].

Шығыс халықтарының «брендi» – Наурыз мерекесі – оның мәдени мұрасы. Қазақстан елінде осы мәдени мұраны кең түрде насихаттап, рухани байлығымызды дәріптеу арқылы халқымыздың санасын өзгертеміз. Ол үшін ең алдымен Наурызды тойлаудың мемлекеттік деңгейде тұжырымдамасын жасауымыз керек.

Ұлттық брендтің бірі – киіз үй. Киіз үйдің қазақ халқы үшін алатын мән-мағынасын, қазан-ошағының символдық нышанын, табақ тарту, қонақ күту рәміздерін мәдениетіміздің сакральды қызмет атқаратын саласы ретінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ісмерлік өнерді дәріптеп, жаңа түр, жаңа сипат дарыту үшін ұлттық нақышта оюланып, өрнектеліп тігілген киім-кешектер (қамзолдар мен көйлектердің, жакеттер мен жилеттер) тігудің байқауын және жәрмеңкесін өткізген жөн. Бұл ұлттық киімімізді насихаттап қана қоймай, оны сәнді киім ретінде күнделікті және мейрамдарда киіп жүру дәстүрін қалыптастыратыны сөзсіз. Бүгінде жасымыз да, кәріміз де оған даяр, тек қолжетімді бағамен халыққа ұсынылса болғаны. Ұлттық киімді киіп жүрген адамның бойында патриоттық сезімнің орын алары белгілі.

Көздің жауын алатын ұлттық нақышта жасалған әшекей заттар әйел адамның сәнін келтіріп, көңілін көтеретіні белгілі. Сондықтан осы мерекеде

шебер зергерлеріміздің қолдан жасаған бұйымдарының көрмесі мен жәрмеңкесін ұйымдастыру да маңызды.

Наурызда айтылатын терең мағыналы бата түрлері мен адам өмірінде болып жататын қуанышты сәттерде айтылатын ақ тілектер сайысын өткізсе мейрамның мазмұндық мәні арта түсері сөзсіз. Осы орайда «наурыз жыры», «наурыз жұмбақ», «наурыз тілек» деген рухани-әдеби өнерімізді жаңғыртудың да тәрбиелік мәні зор. Себебі оны қазір дамытпасақ, кейін архаистік мән алып, тіптен жоғалып кетуі әбден мүмкін.

Нар қазанға Наурыз көже пісіріп, ұлттық тағамдар әзірлеп, қымыз бен шұбаттың түрлерін халыққа ұсыну мерекеміздің танымдық құндылығын арттыра түседі деп санаймыз. Наурыз мейрамында киіз үй аралап, наурыз көже ішу мақсат емес. Дәстүрлі ұлттық ойындарымыздың жаңғырып, кең қанат жаюына септігін тигізетін балуан күресі, арқан тарту, асық ойнау, жамбы ату, көкпар тарту, аударыспақ ойнау, қыз қуу, алтыбақан тебу, тең көтеру, т.б. спорттық ойындарымызды дамыту маңызды міндеттеріміздің бірі.

Дәстүр бойынша Наурызда айтыс өткізіледі. Ақындардың өлеңдері әлеуметтік мазмұнының өткірлігімен, көркем тілдің құнарлылығымен, суырыпсалмалықтың озық үлгісімен ерекшеленді. Елдің сүйіп тамашалайтын айтыс өнеріне жастардың тартылуы ән мен сөз өнерін тоғыстыратын синкретті өнердің өміршеңдігін танытады.

Күй тартыс, ән айту, би билеу, өлең оқу, айтыс өнері деген сияқты ұлттық өнерімізді насихаттайтын байқаулар мен түрлі танымдық шаралардың ұйымдастырылуы мерекелік көңіл-күйді арттыратыны сөзсіз. Осы тұста кейінгі кезде өріс алып келе жатқан «Қара жорға» биінің үлкенге де, кішіге де зор эмоционалдық серпіліс, айрықша шабыт беретінін атап өткеніміз жөн. Флешмоб ұйымдастыру сәнге айналған заманымызда ұлттық биімізді жалпақ жұртқа билету дәстүрін қалыптастыру қажет. Бұл біздің көпұлтты елімізде достық пен татулықтың беки түсуіне, қазақ халқының мерейін арттырып, салт-дәстүрі мен мәдениетіне өзге ұлттардың құрметін арттыруға игі әсерін тигізері сөзсіз.

Көктем мерекесі көмекке зәру адамдарға қол ұшын беріп, қайырымдылық жасаумен де астастырылады. Осыған орай, «асар», «жылу» деген сияқты дәстүрлерімізді жаңғыртсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақ руханиятының қоғамдағы орнын мықтап белгілеп алсақ, әр адамның санасы серпіліп, жадысы жаңғыра түседі. Өкінішке орай, соңғы кезде Наурыз мейрамын өткізу таптауырын үрдіске айналып кеткен тәрізді. Әдетте әкімшіліктің нұсқауымен аудандар мен мекемелердің киіз үйлерін тігіп, дастарқан жайып, байқаудың нәтижесін шығаратын қазылар алқасын күтіп алумен шектелетін кездері де аз емес. Қарапайым халық осы тігілген үйлердің есігінен де сығалай алмай кетеді [5]. Көбіне тек көше аралап, шағын кәсіпкерлердің жәрмеңкеге шығарған азық-түлік тауарларын алып үйлеріне қайтады. Әр мекеме киіз үйлерін қыруар ақша беріп жалға алып, сондай-ақ, әр аудан шығынға батып 200-300 шақырымнан 2-3 күн бұрын жүк машинасына артып әкеліп, күні-түні тігіп әлек болатыны қынжылтады. Бұл,

әсіресе, еліміздің солтүстік аймақтарында өте ыңғайсыз, себебі бұл кезде аязды күндер дымқыл ауамен күшейіп, тіс сақылдататын ызғарға айналары рас. Бақытымызға қарай ма, әлде сорымызға қарай ма, соңғы кезде климат өзгеріп, қысымыз жылынып, боранды күндеріміз азайып жағдайымыз оңалып қалды. Шығыс халқының Наурыз мейрамын бір ай тойлауының мәні де осындай жағдайлардан туындаса керек.

Барша жұртымыз асыға күтетін ұлы мерекемізге арналған әртүрлі театрландырылған көріністер мен концерттік бағдарламалардың өз деңгейінде жүргізілетіні көңілімізге қуаныш ұялатады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Бұл ретте мәдениет қайраткерлері мен талантты тұлғалардың, ұйымдастырушылардың елге жасаған еңбектері зор.

Бірнеше мың жыл жасаған Наурыз мейрамын әрбір ұлт өзінше қастерлеп тойлағанымен, бәрінің ортақ мақсаты, ортақ мүддесі бар, ол – айналасына мейірімділік сәулесін шашу, дәм-тұзы жарасқан татулықты нығайту, ұлттық құндылықтарды жандандыру болып табылады.

Наурызды мерекелеу күні халық арасында «Ұлыстың ұлы күні» деп аталды. «Ұлыстың ұлы күні» деп аталу себебін аңызға сүйенер болсақ: «Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татыпты. Содан бұл күнді – Ұлыстың Ұлы күні деп жариялайды. Сол күні жасына, жынысына және әлеуметтік жағдайына қарамастан тойлауға қатысушы адамдардың теңдігі сақталды, наурыз жыры айтылып, наурыз батасы берілді. Наурыз батасының қай-қайсысы болмасын береке, төрт түліктің саулығы, бәлекеттен сақтану жайлы айтылады. Мысалы, наурызда берілетін батадан үзінді келтіре кетсек:

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын,  
Қайда барсаң жол болсын!  
Жасың құтты болсын!  
Өмір жасың ұзақ болсын!  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыс береке берсін!  
Пәле-жәле жерге енсін!

[6, 174 б.] деген тілекпен аяқталды.

Қазақ халқы мен Орта Азия халықтары Наурыз мейрамын «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп те айтады. Егер де этнограф-ғалым С.Кенжеахметовтың деректеріне сүйенсек «Самарқандағы Ұлықбектің обсерваториясындағы аспан денелерін белгілеген үлкен көк тасқа Ұлыстың Ұлы күні күн сәулесі тікелей түскенде әлгі тас бірер сәтке ериді екен».

Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қызыр ата аралайды. Үй иелері ыдысты суға, дәнге толтырып, тілектерін айтып, атадан бата тілеп, таңды көз ілдірмей өткізуге тырысқан. Қазіргі кезге дейін Қыдыр атадан бата тілеп, атқан таңды қарсы алу адамзаттық ғұрыпқа айналды. Демек, Наурыз мейрамын жаңғырту арқылы, біріншіден, адамдар

арасындағы сыйластық, береке, ынтымақты орнатуға септігі тисе, екіншіден, қоршаған ортаны, табиғатты құрметтеу арқылы экологиялық мәселені шешуге көмектеседі. Үшіншіден, рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға негіз болады. 2010 жылдан бастап БҰҰ-ның Бас ассамблеясының «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз» күні болып қабылданды. Бүгінгі күні Наурыз мерекесі халықаралық дәрежеде тойланады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Н. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» // Егеменді Қазақстан, 2017 жыл 12 сәуір
2. Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы, 2015. – 105-114 Б.
3. Қазақ / Құрастырушы: Суханбердина Ү. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
4. Исаев Ж. Наурыз қандай мереке? / Ана тілі газеті, 20 наурыз 2013 ж.
5. Sergienko E. A. (2013). The problem of relationship between subject and personality. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16
6. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. Алматы: «Санат», 1994. – 240 б.